**Зейнеткерлік жасы алдындағы жұмыспен қамтылмаған халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша нысандары туралы ұсыныстарды әзірлеу жөнінде комиссия құру туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 наурыз N 299. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.25. N 1176 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Зейнеткерлік жасы алдындағы жұмыспен қамтылмаған халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша нысандары туралы ұсыныстарды әзірлеу үшін мынадай құрамда комиссия құрылсын:

Қарағұсова Гүлжан Жанпейісқызы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, комиссияның төрайымы;

Өтеулина Хафиза Мұхтарқызы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, комиссия төрайымының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Әбдіқалықова Гүлшара Наушақызы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек департаментінің директоры;

Батталова Зәуреш Қабылбекқызы - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша);

Кесікбаев Сұлтанғали Қабденұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік органдарды қаржыландыру департаментінің директоры;

Мужчиль Татьяна Евгеньевна - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша);

Мүсенова Галина Ақайқызы - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі

Аймақтық, әлеуметтік саясат және бағдарламалар департаментінің директоры;

Мұстафина Сәбила Сапарқызы - Қазақстан Республикасы Министрінің - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы хатшылығының меңгерушісі;

Нұрманбетов Нүсіпжан Нұрманбетұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша);

Калюжный Вячеслав Афанасьевич - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама департаментінің директоры;

Черкашина Алимпиада Ивановна - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша).

2. Комиссия зейнеткерлік жасы алдындағы жұмыспен қамтылмаған халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша нысандары туралы ұсыныстарды әзірлесін және 2002 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК